

Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті
Казахский национальный педагогический университет
имени Абая Kazakh National Pedagogical University after
Abai

ХАБАРШЫ ВЕСТНИК BULLETIN

«Филология ғылымдары»
сериясы Серия
«Филологические науки»
Series «Philological sciences»
№1(71)

Алматы, 2020

аты.....	
Kegenbekova A., Ramazanov T. Cognitive character of studying terms	237
Жаңабекова А., Айнабекова А. Н.Т. Сауранбаевтың кәсемше категориясы туралы тұжырымдамалары.....	
Zhanabekova A., Ainabekova A. About the concept of participle categories of N. T. Sauranbaev.....	242
Қапалбек Б., Омарова А. Жаңа емледе “и” мен “у”-ға қатысты жасанды ережелерден құтылуымыз керек.....	
Karalbek B., Omarova A. In the new spelling, we need to get rid of artificial rules about the sounds “и” and “у”.....	249
Калибекұлы Т., Дильманова М. Национально-культурный аспект гуаньюньюй с зоонимным компонентом в китайском языке.....	
Kalibekuly T., Dilmanova M. National and cultural aspect of chinese guanyongyu with zoonym component.....	253
Орынбаева Д. Этномәдени норма мазмұнды бірліктердің лингвокогнитивтік сипаты.....	
Orynbayeva D. Linguo-cognitive characteristics of units of ethnocultural norm.....	260
Мамедова Ф., Дулаева Э. Национально-культурная специфика концептов.....	
Mamedova F., Dulayeva E. National-cultural specificity of concepts	266
Мамедова Ф., Дулаева Э. Речевые стереотипы и их отражение в дискурсе.....	
Mamedova F., Dulayeva E. Verbal stereotypes and their reflection in the discourse.....	273
ӘДЕБИЕТТАНУ ЛИТЕРАТУРОВЕДЕНИЕ LITERATURE	
Әбдіғазыұлы Б., Абиыр Қ. Тарихи тұлға және деректілік.....	
Abdigazyuly B., Abiyr K. Historical personality and source studies..	279
Асылбекұлы С., Тоқшылықова Г. Қазақ повесінің генезисі.....	
Asylbekuly S., Tokshylykova G. Poetics of the kazakh story.....	286
Тебегенов Т., Айтимов М. Тарихи шындық – әмір шындығының кәркемдік кәрінісі.....	
Tebegenov T., Aitimov M. Historical reality is an artistic representation of the reality of life.....	290
Тоқшылықова Г., Асылбекұлы С. Қазақ баяндарындағы кәркемдік кеңістіктің парадигмалары.....	
Tokshylykova G., Asylbekuly S. Paradigms of art space in the kazakh story.....	298
Қудыршаев А., Балтабаева Ж., Сүлейменова Ж., Есенова Қ. Hatiplik geleneği – türk kültürüne ait manevi değer kaynağıdır.....	
Қыдыршаев А., Балтабаева Ж., Сүлейменова Ж., Есенова Қ. Шешендік дәстүр – түркі мәдениетіне тән рухани құндылық кәзі	305
Ержанова С. М. Мағауиннің “Қыпшақ аруы” повесіндегі нарратор тұлғасы.....	
Yerzhanova S. Narrator’s personality in the novel “Kipchak’s beauty” by M. Magauin.....	314

__insanlar nasıl konuşacaklarını öğrenmekle uğraşiyor, en önemli bilim, nasıl ve ne zaman susmayı gerektirdiği“ demiş. Ancak akıllı kişi düşüncesini durduramazsa da dilini durdurabilir

Sonuç. Sonuç olarak, hatiplik gelenek, manevi değerlerin bir kaynağıdır. Türk kültürüne ait hatiplik sanat, gelecek nesillerimizi hayret ederek, büyük bir manevi lütuf ve anlayış verir. Ulu Bozkır'ın soyundan gelenlerin manevi canlanma mekanizmasının bir yönü de budur. Fakat manevi açıdan büyük ve zengin nesil, Türk dünyasının güvenilir bir geleceğidir.

Kaynaklar:

1) Kaidar A.T. *Halyk danalygy (Kazak makal-matelderinin tusindirme sözdigi jane zertteu)*. Almaty: «Toganaı T» baspasy, 2004. – 560 b.

2) Kydyrshaev A.S. *Sheshendiktan dy okyt dyń gylymy-ádistemelik negizderi*. Monografiua. – Almaty. 2000. – 270 b.

3) Kydyrshaev A.S. *Sheshendik tagylymy*. Oral, 2006. - 146 b.

4) Kazak bi-sheshenderi: *tanyndyk junak / Kurastyrgan Serikkazy Korabai*. – Almaty: «Aıǵanym» baspa úii, 2016. – 204 b.

5) *Sóz tapranǵa rolka jok (Ázil ángimeler, sheshendik sózder, ańyzdar, akyndyk tolǵamdar)*. (Kurastyrgan jáne ádebi óńdep baspaǵa ázirlegen redactory A.Beisengalıqzy). Oral, 1998. – 240 b.

6) Syzdyk R. *Tildik norma jáne onyń kalyptan y (kodifikatsiua)*. – Astana: Elorda, 2001. – 230 b.

7) Kydyrshaev A.S. *Sheshen-lektor professiogramması*. – Oral: BKMÝ baspasy, 2004. – 56 b

8) *Karnegi Deil. Kak zavoevyvat dr zei ı okazyvat vluame na li dei. Kak vyrabatyvat verennost v sebe ı vluat na li dei, vyst paia p blichno; Kak perestat bespokoitsia ı nachat jut: Perevod s ang. Minsk: Polymia, 1990. – 579 s.*

9) Edmı ller A., Velgelm T. *Tehnika monıp liatsı: Raspoznavanie ı protivodeistvie*. – M.: Omega. – L, 2008. – 131 s.

10) Bredemaier K. *Pravila ritoriki: Kak ne teriatsia vo vremia vyst plenıa ı byt beditelnyı*. – M.: Alpina Biznes BÝKS, 2008. – 112 s.

11) Kydyrshaev A.S. *Sheshen sólei bilemiz be? (Sheshen sóile mádenietiniń altyn kaǵıdalary)*. Oq quraly. – Oral, 2017. – 364 b.

МРНТИ 17.01.11

С. Ержанова¹

¹ *Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті,
Алматы, Қазақстан*

М.МАҒАУИННИҢ “ҚЫПШАҚ АРУЫ” ПОВЕСІНДЕГІ НАРРАТОР ТҮЛҒАСЫ

Аңдатпа

Қазақ прозасында нарратология мәселесі елі толық қарастырылмағандықтан мақалада әдебиеттанудың жаңа қырларының бірі ретінде нақты шығармалармен сараланады. Нарратология ғылымында елеулі еңбек еткен зерттеуші В.Шмид зерттеулерін негізге ала отырып, ғалымның нарратология туралы концепциясы қазақ шығармаларының жазылу, айтылым, жеткізілім сипатындағы құрылымдық ерекшелігі мен баяндаушы мен кейіпкер қарым-қатынасы ашылады. Авторды шығарманы тудырушы емес одан бөлек өмір сүруші мағынасындағы әлемдік әдебиетші теоретиктердің тұжырымдары қазақ прозасында делелденеді. Яғни нақты автор ретіндегі Мағауин – ғалым-әдебиеттанушы, әдебиет тарихын, ұлт мәдениетін зерттеуші, кәрік прозашы. Мақалада —Қыпшақ аруындағы субъект-нарратор арқылы танылатынына басымдық беріп, абстрактылы автор ретінде де кәрініс беретініне тоқталамыз. Мақалада кейіпкер-авторды нақты автор мен абстрактылы, яғни имплицитті автор арасынан туындаған тың түлға деп танымыз.

Тңйін сәздер: Нарратология, концепция, автор, кейіпкер, баяндаушы, абстрактылы автор

S. Yerzhanova ¹

¹ al-Farabi Kazakh national university,
Almaty, Kazakhstan

NARRATOR'S PERSONALITY IN THE NOVEL "KIPCHAK'S BEAUTY" BY M.MAGAUIN

Abstract

As the problems of narration in the Kazakh prose aren't thoroughly investigated, it is analyzed in the given article by concrete novels as the one of the new sides of literature. V.Shmidt's investigations in the field of narration were taken as a basis, the scientist's research about narration concept helped to reveal the relationship between narrator and character, also structural peculiarities of Kazakh novels as writing, speaking, narration. The author is not only the creator of the novel but also he lives out of it, where the statements of world famous writers were proved in the Kazakh prose. Exactly, the author M.Magauin is a scientist-writer, the researcher of the literature's history, the investigator of nation's culture. We pay attention to the author as a subject-narrator in "Kipchaq's beauty" as well as an abstract author. We find the character-author as a definite or abstract author, the unique personality found among implicit author.

Key words: Narration, author, character, narrator, abstract author, implicit

С. Ержанова ¹

¹ Казахский национальный университета имени аль-Фараби,
Алматы, Казахстан

ЛИЧНОСТЬ НАРРАТОРА В ПОВЕСТИ М.МАГАУИНА «КИПЧАКСКАЯ КРАСАВИЦА»

Аннотация

Проблема нарратологии так как полностью не изучена в казахской прозе, оно рассматривается как новая сторона литературы путем анализа конкретных произведений. Основываясь на исследования известного ученого В.Шмидта в области нарратологии, структурные особенности казахских произведения, такие как писание, говорение, а также связь между персонажем и повествователем раскрывается с помощью концепции автора о нарратологии. Автор является не только творителем, а также живет вне произведения и это доказывает утверждения многих теоретик-литераторов в казахской прозе. М.Магауин- ученый-писатель, прозаист, исследователь историю литературы и культуру народа. В данной статье мы делаем акцент на субъекта-нарратора «Кипчакская красавица», а также на автора-абстракта. В статье мы раскрываем автор-персонажа как настоящий автор и абстрактный автор, то есть уникальная личность вышедший из имплицитного автора.

Ключевые слова: нарратология, автор, повествователь, абстрактный автор

Кіріспе. Көркем туындыдағы автордың рөлі туралы орыс ғалымы М.Бахтин ғез ойын төмендегідей білдіреді: —Автора мы находим вне произведения как живущего своею биографической жизнью человека, но мы встречаемся с ним как с творцом и в самом произведении, однако вне изображенных хронотопов, а как бы на касательной к ним. Мы встречаем его (то есть его активность) прежде всего в композиции произведения: он расчленяет произведение на части (песни, главы и др.), получающие, конечно, какое-либо внешнее выражение, не отражающееся, однако, непосредственно в изображенных хронотопах деп түйеді [1, 31]. Сонымен қатар автор ғезі бейнелеген көркем кеңістікке қатыссыз қала отырып, дел осы кеңістікке қатысы болатыны туралы тұжырымын: —Автор – творец, как мы уже говорили, находясь вне хронотопов изображаемого им мира, находится не просто вне, а как бы на касательной к этим хронотопам. Он изображает мир или с точки зрения участвующего в изображенном событии героя, или с точки зрения рассказчика, или подставного автора, или, наконец, не пользуясь ничьим посредством, ведет рассказ прямо от себя как чистого автора (в прямой авторской речи), но и в этом случае он может изображать временно-пространственный мир с его событиями как если бы он видел и наблюдал его, как если бы он был вездесущим свидетелем его деп, жеке пікірін жалғастырады [1, 31].

Қалыптасқан түсініктерді алға тартсақ, автор туындының ғән-бойынан кәрінгенімен, басқалардың атынан сәйлемек. Ол ғез туындысында тура тура ғез болмыс-бітімімен кәрінбейді. Ол ғедеби-кәркем туындыны тудырушы, ғезінің кәркемдік кеңістігін тудуші. Ғезі бейнелеген кәркем кеңістік пен уақытта авторға орын бар ма? Автор мен нарратор және кейіпкер бірлігін теоретиктер не деп түсіндіреді? Ғөйткені, —Қыпшақ аруы повесінде автор Мағауин мен кейіпкер Мағауин қатар кәрінеді ғой? Осы тұста, Виноградовтың тұжырымын келтірер болсақ, —Образ автора – это не простой субъект речи, чаще всего он даже не назван в структуре художественного произведения. Это – концентрированное воплощение сути произведения, объединяющее всю систему речевых структур персонажей в их соотношении с повествователем, рассказчиком или рассказчиками и через них являющееся идейно-стилистическим средоточием, фокусом целого [2, 118]. Осы ойды айта отырып, ол —в формах сказа образ автора обычно не совпадает с рассказчиком деп, толықтыра түседі [2, 118]. Алайда, М.Мағауиннің повесінде автор-баяншы (ғеуезелеуші) мен автор-ғәңгімеші бірігіп кәрінеді.

Автор-нарратор сұлбасын Жүсіпбек Аймауытұлының —Елесі ғәңгімесінен де кәреміз. Бірақ, бұл ғәңгімедегі тәсіл басқашалау сипатта. Ғәңгімешінің қызметінде автордың нақты –бейнесі кәріне қоймайды. XX ғасырдың 60-жылдарында ғедебиет ғелеміне келген тағы бір қазақ қаламгері Оралхан Бөкей. Жазушының кей ғәңгімелеріне кейіпкер болған Ораш автордың ғезімен тұтастықта екені айқын аңғарылатын. —Ауыл хикаялары циклына кіретін —Күлпаштың ұршығы, —Іздегенін тапты ма?!, —Тортай мінген ақ боз ат ғәңгімелеріндегі ғәңгімеші қызметіндегі автор оқиға кейіпкерлерінің бірі ретінде қатысады. Дегенмен де, мұнда нақты фактілер тым анықталып, айқындалып берілмейді.

—Қыпшақ аруы повесін талдау нысанына алғанда автор бейнесіне қатысты теориялық тұжырымдардың барлығын міндетті түрде негізге алуымызға тура келеді. Ғөйткені, жоғарыда айтқанымыздай, хикаятта автор ғез аты-жәнімен оқиғаға араласады. Повесті бастап оқығаннан-ақ оқырман автормен –жолығады, ғері қарай автормен бірге –жүргендей оқиғаға бастан-аяқ күй кешеді. **Әдістеме.** Шығармашылықтың азабы мен леззатын қабат кәрген жазушы-ғеуезелеуші, яғни автордан ғәңгімеші-нарраторға айналған тұлға осы бір шығармашылық үдеріс мезеттерін баяндай отырып, ғәңгімені —Қыпшақ тас мүсіндері кітабына ғекеліп тіреді. Повесть мәтініне қысқаша тоқталайық: —Мәселен, мынау бір, етектей жайылған, сырты сұрқай, жуан кітапты алыңыз. Тақырыбымыздан жырақ сияқты. —Қыпшақ тас мүсіндері. Ал, енді —Аласапыранды оқыған болсаңыз... Ораз-Мұхаммед Қиян далаға шығады ғой. Бабадан қалған жалғыз жәдігер – биік қорым үстіндегі тас балбалдың алдына келіп тұрады. Міне!.. [3, 7].

Нарратология ғылымында елеулі еңбек еткен зерттеуші В.Шмид нақты (конкретный) және абстрактылы автор түрлерін атай отырып, ғедебиет теоретиктері тұжырымдарын негізге алып, олардың ғезіндік болмыс-бітімін, кәркем туындыға қатысын талдап кәрсетеді. Оның түсіндіруінше, нақты автор дегеніміз –это реальная, историческая личность, создатель произведения. К самому произведению он не принадлежит, а существует независимо от него [4, 31]. Яғни нақты автор ретіндегі Мағауин – ғалым-ғедебиеттанушы, ғедебиет тарихын, ұлт мәдениетін зерттеуші, кәркем прозашы.

М.Мағауиннің авторлық мұраты —Қыпшақ аруындағы субъект-нарратор арқылы танылатынын айттық. Бұл жерде ол нақты автор ғез —шекарасынан ғетіп, абстрактылы автор ретінде де кәрініс береді. Ғедеби туындыда нақты автордан бәлек деп есептелетін, оның шығармашылық әктісі арқылы анықталған автор бейнесі екі негізге (объективті және субъективті) ие. Біз Саржан мүсіншіге ой тастаған, қыпшақ аруының тас мүсінін қайта жасауға жетелеп, оның кәне заман кеңістігіне ғетуіне себеп болған кейіпкер-авторды нақты автор мен абстрактылы, яғни имплицитті автор арасынан туындаған тың тұлға деп қабылдасақ болар. Осы —аралық тұлға туралы тұжырымды ары қарай нарраторлық талдауларға сабақтастырып, сол арқылы тарқатуға тырысамыз.

—Қыпшақ аруы повесіндегі ғерекет етуші кейіпкерлерінің бірін —нақты-абстрактылы автор —қамалынан экплицитті нарратор —кеңістігіне қалай ғекелеміз немесе автор нарраторлық қызметте қалай тұлғаланады? Бұл сұраққа да жауап табу үшін нарратор туралы азды-кәпті зерттеулер жүргізген ғалымдар тұжырымдарына сүйенеміз. Автор нарраторды бейнелегенде экплицитті және имплицитті бейнелеу тәсілдерін қолданады. Бұл жайлы Шмид ғез еңбегінде атап кәрсетеді. Кәркем туынды ғез табиғатында тұрақты қағидаларға бағына бермейтіні белгілі. В.Шмид анықтамасында —Экплицитное изображение основывается на самопрезентации нарратора. Нарратор может называть свое имя, описывать себя как повествующее –я, рассказывать историю своей жизни, излагать образ своего мышления... делінсе, —Қыпшақ аруы повесіндегі нарратор осы қалыппен кәріне отырып, бұл

анықтама шеңберінен де шығып кетеді [4, 49]. Өзін-өзі таныстыруы кәркем баяндау арқылы аңғарылған нарратор автор атымен танылады. Оған повесть мәтiнiнен екi-үш мысал келтiрейiк:

Нәтижелер.—Мұха, – дедi ақыры, – анау, үлкен ағамыздың атын кеппектей қылып, сол қалпында атай алмаймын, – дедi жымыып. – Мұха... Саған қалай рахмет айтсам екен.¶[5, 28]. Бұл – Саржан мүсiншiнiң сөзi. Қыпшақ аруының тас мүсiнi арқылы өткен тарихты тiрiлтiп, повесть тiлiмен айтқанда —халқының қасиетiн өйгiлеп, таспен бедерленген тарихын жасаған, өнерде ғана емес, өмiрде де шексiз бақытты¶ жан.

—Мен ұзақ жолға аттанып кеттiм. Дерек жөнiмдi iздеп өуре болмаңыздар. Шеберхана кiлтi – жазушы Мұхтар Мағауинде¶ [5, 81]. Бұл – автомат жауапты телефонда қалдырған Саржанның сөзi.

— – Мағауин деген жазушы сен боласың ба?¶ [5, 82]. Бұл – Саржанды iздеген Мүсiншiлер одағының сөзi.

—Ендi не қалды? Айтпақшы менiң өзiм. Ендi осы өзiмнiң – Мұхтар Мағауиннiң дүниеде барлығына күмәндансам керек қой...¶ [5, 82]. Екi ұдай күйде тұрған нарратор-кейiпкер осындай өрi-сөрi ойда тұрады.

Нарратордың өз-өзiн таныстыруы қазақ прозасының тарихында бар. Бiрақ, дәл осы қалыпта емес. Повесте шығармашылық өмiрбаян да қатыстырылған: —Екi жыл табандап отырып алты ғасыр антологиясын өзiрледiм, орыс тiлiнде... Тағы бiр жыл мехнат шегiп, бес ғасыр антологиясын тиянақтадым¶ [5, 91].

Қаламгер Мұхтар Мағауиннiң құрастыруымен —Бес ғасыр жырлайды¶ антологиясын құрастырып, оның кеңестiк идеология тарапынан кеп қуғын-қыспақпен өрен дегенде жарыққа шыққаны белгiлi жайт.—...небөри екi жыл, үш ай және жиырма күн өткенде –Аласапыран¶ атты тарихи роман-дилогиямыз темам болды. Таң қаларлық жағдайда, пеле-жаласыз, барлық өткелектен өтiп, аман-есен басылып шықты. Ойламаған жерде жалпы жұртқа ұнап, қажеттi мөлшердегi айырой-атаққа жеттiк. Қыпшақ аруының бар болжалы шындыққа айналды...¶ [5, 82].

—Аласапыран¶ роман-дилогиясының бiрiншi кiтабы 1983 жылы, екiншi кiтабы 1984 жылы жарық кәрди. 1984 жылы аталмыш романға Қазақстан Республикасының Абай атындағы мемлекеттiк сыйлығының берiлгенi баршамызға аян.Өңгiмешi-нарратор баяндауы шындық деректермен сөйкеседi. Өмiрлiк деректерден алшағы – Қыпшақ аруының бар болжалының шындыққа айналғандығын айтуы. Өмiр шындығы мен кәркемдiк шындық арасын айқындап тұрған шекара да осы сөйлем-баяндауда тұр. Теориялық пайымдауға салсақ, эксплициттi бейнелеу имплициттi бейнелеумен сабақтасып жатады және онсыз өрекет те өте алмайды. Осы қағида тұрғысынан қарасақ, қаламгер-кейiпкер мен тас мүсiн түрiнде оқиғаға килiгетiн Қыпшақ аруы эксплициттi бейнелеу мен имплициттi бейнелеу параллелiн түзедi. Саржан мүсiншi мен жазушы-кейiпкердi тоғыстыратын осы Қыпшақ қызының мүсiнi екенiн айтқанбыз.Сонымен, автор өмiрбаянымен үндесетiн баяндаулар – автордың нарраторға айналғанын айғақтай түсетiн өмiрлiк дерек өрi кәркемдiк деталь. Кәркемдiк құрылымдағы күрделi тесiлдер түрлi бейнелеулердi туындатады. Жазушының қаламгерлiк шеберiгi кәркем кеңiстiктiң мiнсiз ашылуында кәрiнетiнi белгiлi. Өзiнiң шығармашылық өмiрбаянындағы деректердi де оқиғаға кiрiстiре отырып, жазушы Мағауин авторлық мұратты танытса, Саржан мүсiншi бейнесi арқылы кәркем кеңiстiктегi өзiнiң сыңарын, яғни —қосарлы бейнесiн¶ тұлғалайды. Сөйтiп, өзiн нақты авторға тең шектеулiлiк —бұғауынан¶ босатады.

—...Сол 80-жылы кәктемде, сен өзiңнiң өң үлкен романыңды бастаған сөтте, кәкек айының соңғы күнi... мен өзiмнiң мүсiншiлiк өнерiмнен бiржола айрылдым¶ – дейдi араға отыз жыл салып, күтпеген жерден телефон арқылы хабарласқан Саржан [5, 96]. Себебi: —Екеуiмiз – бiр кiсi. Қай заманда жасасақ та. Сен деген – мен. Мен деген – сен. Бiртұтас тұлғамыз. Жартылай емес, жарымжан емес. Толық қалпымызда. Ортамыздан бөлiнсек, екеуiмiз де орташа шығамыз... Сенiң айтқаныңдай, жұрттың жақсысынан артық. Одан не пайда? Үлкен өлшеммен алғанда шамалы. Шамалыны сен де, мен де қанағат тұтпаймыз¶ [5, 96]. Шығарманың күллi құпиясының кiлтi осы диалогта. Өу баста Қыпшақ қызының тас мүсiнiн кәрiп, өрекше күй кешкен өңгiмешi Мұхтардың өзi едi ғой. Осыдан кейiн Саржан оқиғаға араласқан. Оған ой салып, қыпшақ мүсiндерiне қатысты кiтапты апарып берген де Мұхтар-кейiпкер болатын. Оқиғаның тың арнаға бұрылып, шиеленiсуi сол кiтаптағы мүсiндi кәруден басталған.

Талқылау.Саржан мүсiншiнiң айтқаны айдай шындық, —79-жылдың жазынан 80-нiң кәктемiне дейiн мұнда сен түк өндiре алмай, тыпырлап жатырсың, ал мен онда Айсұлу-бегiм мен Саржан – бөдiзшiнi қалыптадым¶ деген Саржан (айтып отырған ол жағы – бағзы уақыт, кәне ғасыр, ата-баба жұрты, делiрек айтқанда, повесте кәрсетiлгендей, 1731 жыл, маусымның 17 жаңасы) өдеби ортаға,

бүгінгі қазақ жұртына белгілі жазушы шығармаларын атап береді және олардың жазылу тарихын қолмен қойғандай етіп баяндайды. Оның айтуынша, екі мүсінді ойдағыдай қашап бітірген соң —жалғанның кезегі жазушы-кейіпкерге кешкен екен. —Еуелі —Аласапырандыл. Ізінше —Шақан Шеріл. Бұдан кейін бірер жыл үзілісін болды, бірақ мен үлкен ойыннан шығып кеткем екен. Ал сен —Доңыз жылғы балалыққа кірістің, оның соңын ала —Сары қазақ! [5, 97].

Саржан хикаят басында үкіметіне сыйлы, ортасында беделді, -революция ерлерінің мүсіндерін сомдап жүрген мүсінші, Мемлекеттік сыйлықтың игері болатын. Сол бүгіннің Саржан мүсіншісі шын мәнінде бағзы жұрттың бөдізшісі, Қыпшақ Кәбек ханның ұлы екен. Жары – Қыпшақ аруы мүсініндегі Айсұлу-бегім... Ата жұртқа аттанған Саржанның есімі түсініксіз жағдайда барлық таныстарының, езі ғұмыр кешкен бүгіннің жадынан ешірілген. Оны ұмытпаған жалғыз Мұхтар-кейіпкер. Жазушы оқиға арнасын осындай қым-қуыт жолға бұра отырып, мистикаға кезек бергендей болады. Бірақ, ол мистика емес, жазушы қиялы, оның арман-мұратының кәркем кеңістіктегі кәрінісі десек дұрысырақ болады. Автор мен автор бейнесі, яғни нақты және абстрактылы автор түсініктемелерінен басталған талдауымыз ері қарай нарратор құрылымына байналысты туындаған жағдаят. Дискурс-талдау мұнымен де шектелмей, нарратор типологиясы тұрғысынан жүйелеп, анықтап-түстеп берсек, аталмыш повестің кәркемдік табиғаты ашыла түсері сөзсіз. эксплицитті және имплицитті нарратор түрі бейнелеу тәсілі тұрғысынан осылай жетілсе, диететикалық елшем тұрғысынан диететикалық және бейдиететикалық түрлеріне жүйеленеді. Диететикалық нарратор деп езін-езі диетезис тұлға ретінде баяндайтын нарратор түрін айтады. Диетезис дегеніміздің езі кәне грек тіліне аударғанда баяндау, еңгімелеу мағыналарын береді. -Диетезис – это способ повествования, который представляет взгляд на мир –изнутри, то есть мир воспринимается персонажами в ситуациях и событиях нарратива говорящего, рассказывающего, а не изображающего, действующего. В диетезисе рассказчик повествует. Он описывает действия (а иногда и мысли) персонажей читателям или зрителям! [6, 142]. Бұл ұғым аясында нарратор кейіпкерлердің біреуінің болуы ықтимал екені айтылады.

В.Шмидтің анықтауынша диететикалық және бейдиететикалық нарратордың функциясы былайша сипатталады: -Диететический нарратор фигурирует в двух планах – и в повествовании (как его субъект), и в повествуемой истории (как объект). Недиететический же нарратор повествует не о само себе как о фигуре диетезиса, а только о других фигурах. Его существование органичивается планом повествования, –экзетезисом! [7, 58]. –Экзетезис! термині –түсіндіру! ұғымын беретін кәне грек сөзінен алынған.—Қыпшақ аруы! повесіндегі диететикалық нарратор тұлғасында кәрінетін кәрінетін бейне (образ) – автор тұлғасымен де, туындыдағы басқа кейіпкермен де (Саржан мүсіншімен) кәркемдік-тұспалдық бағытта тұтасатын баяндаушы-еңгімелеуші. Ол, жоғарыдағы анықтамаға сәйкес екі бағытта да кәрінеді. Сондай-ақ диететикалық нарратор бір-бірінен дараланып тұратын —баяндаушы, яки еуезелеуші тұлға! және —баяндалатын оқиға! инстанциясына —бөлшектеніп! кетеді.—Қыпшақ аруы! повесінде диететикалық нарратор оқиғаны оқиғаны бірінші жақтан баяндайды және езінің автобиографиясын да қамтып етеді. Тіпті аты-еженін де атап тұрып кәрсетеді. Бейдиететикалық нарратор бейнесінде кәрінетін Саржан мүсіншінің диететикалық нарратор тұлғасы және авторлық мұрат та айқындалмас еді.

Нарратологиядағы типологиялық топтастырудың бір түрі туындыда баяндаудың -кәмкерілуі! деңгейіне қарай бірінші немесе негізгі, екінші немесе қосалқы және үшінші деңгейдегі нарратор болып жіктелетінін есепке алсақ, негізгі нарратор суреттелетін негізгі және –жасанды,! –ойдан шығарылған! оқиғаны баяндаушы (Мұхтар-кейіпкер), екінші яки қосалқы нарратор тек суреттелетін негізгі оқиғаны баяндаушы (Саржан мүсінші), ал үшінші нарратор қосылған, яки қосымша туындаған —жасанды! оқиғаны баяндаушы (еткен тарихты баян етіп жеткізуші Қыпшақ аруы) қызметтерін иеленген. Негізгі нарратор (Мұхтар) жалпы осы повеске арқау болған оқиғаның барысын, шиеленісуін, шарықтау шегін және шешімін ез бақылауында ұстайды және оған кейде —іші-бауырына! дейін, кейде сырттай араласады. Саржан мүсіншінің қиялына қозғау салып, нетижесінде оның —арғы деуірдегі қыпшақ жұртына! аттануына ықпал еткен жазушы Мұхтар (кейіпкер ретінде) —негізгі!, яки –бірінші! нарратор ретінде ерекшеленсе, Саржан мүсінші негізгі оқиғаның арасынан жаңа сала болып бөлінген.

Қорытынды. 1960-80 жылдары қазақ прозасына мүлде жаңа сипаттағы жазушылар келді. Бұлар алдыңғы ұрпақтың шығармаларымен таныса алмаса да, қазақ прозасын дүниежүзілік деңгейге кәтерді. Бұлар Э.Хэмингуэйді, Ф.Кафканы, У.Фолкнерді, Ницшені оқып, дүниежүзілік едебиетпен емін-еркін танысты. Бұл толқын: Т.Ахтанов, Т.Елімқұлов, Б.Соқпақбаев, Ш.Мұртаза, Е.Кекілбаев,

О.Сүлейменов, М.Мағауин, Ұ.Ұлімжанов, Қ.Ысқақов, С.Мұратбеков, Қ.Жұмаділов, Д.Исабеков, О.Бөкей, Т.Ұбдіков, Б.Нұржекеев, М.Сқақбаев, Т.Нұрмағамбетов, С.Сматаев және т.б. Оларды М.Ұезов — жыл құсындай жаңалық кездімі деп мақтан еткен.

Қазақ қара сөзінің осы буыны жайлы Ұ.Кекілбаев былай дейді: —Адамзат басында арғы-бергіде онша кеп ұшыраса қоймаған елемдік соғыстың тұсында балалық шақтары етіп, дүние түйсінсуі қалыптасқан, тарихи зұлматтар мен зұлымдықтарды ербітетін есіресе елеуметтік езімшілдіктің бетпердесі ашылып, жеке адамды теңір тұтудың күллі күйкі болмысы ешкере болған кезде кемелетке толып, дүниетанымы қалыптаса бастаған ол ұрпаққа артқан сенімі аса үлкен еді... [8, 306].Аталмыш қаламгердің шығармашылығына ой кезімен қарасақ, бұл үміттің орындалғанын байқаймыз.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

- 1) Бахтин, М.М. Автор и герой: к философским основам гуманитарных наук. – Спб.: Азбука, 2000. – 336 с.- книга
- 2) Виноградов, В.В. О теории художественной речи. - Москва: Издательство —Высшая школа, 1971. – 240 с.-книга
- 3) Мағауин, М. Қытшақ аруы. – Алматы: Атамұра, 2003. – 208 б.- кітап
- 4) Шмид, В. —Нарратология. - Москва: Язык славянской культуры, 2008. – 664 с.-книга
- 5) Қазіргі қазақ прозасы: М.Мағауин. —Қытшақ аруы // Жұлдыз. №2, 2015 ж. - кітап
- 6) Михайлов Н.Н. Теория художественного текста. – Москва: Издательский центр —Академия, 2006. – 224 с.-книга
- 7) Вольф Ш. —Нарратология. [Электрон.ресурс]. 2012. – URL: http://www.litres.ru/pages/biblio_book//art=274692
- 8) Кекілбаев Ә. Адамстанға саяхат. // Егемен Қазақстан,. 2002, С.3-4.- газет

